

## 2010 жылы жұмыссыз мүгедектерді квота бойынша жұмысқа орналастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шет ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 желтоқсандағы N 26/4 қаулысы. Қарағанды облысы Шет ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 қаңтарда N 8-17-90 тіркелді. Мерзімінің бітуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Шет ауданы әкімі аппараты жетекшісінің 2011 жылғы 12 сәуірдегі N 8-4/474 хатымен)

*Ескерту. Мерзімінің бітуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Шет ауданы әкімі аппараты жетекшісінің 2011.04.12. N 8-4/474 хатымен)*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" N 148 және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" N 149 Заңдарына сәйкес Шет ауданының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. 2010 жылы жұмыссыз мүгедектерді квота бойынша жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын құратын мекеме, кәсіпорындардың тізбесі қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. Мекеме, кәсіпорын басшыларына халықты жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органның жолдамасымен жіберілген жұмыссыз мүгедектерді жұмысқа қ а б ы л д а у с ұ р а л с ы н .

3. Шет ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 30 наурыздағы "2007 жылы жұмыссыз мүгедектерді квота бойынша жұмысқа орналастыру туралы" N 3/35 қаулысының к ү ш і ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ю. Б е к қ о ж и н г е ж ү к т е л с і н .

5. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Ш е т а у д а н ы ә к і м і н і н  
міндетін атқарушысы Б. Төлеуқұлов

Ш е т а у д а н ы ә к і м д і г і н і н  
2009 жылғы 21 желтоқсандағы  
N 20/4 қаулысына қосымша

**2010 жылы жұмыссыз мүгедектерді квота бойынша жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын құратын мекеме, кәсіпорындардың тізбесі**

| реттік саны | Мекеме, кәсіпорындардың аттары         | Белгіленген жұмыс орындарының квотасы |
|-------------|--|---------------------------------------|
| 1.          | Ақадыр, Казпошта                       | 1                                     |
| 2.          | Ақадыр теміржол дистанциясы (ПЧ-26)    | 1                                     |
| 3.          | Ю. Гагарин атындағы мектеп-лицей       | 1                                     |
| 4.          | Ақсу-Аюлы, Казпошта                    | 1                                     |
| 5.          | Аудандық медициналық бірлестік         | 1                                     |
| 6.          | "Nova-Цинк" ЖШС                        | 2                                     |
| 7.          | "Ардагер" ЖШС                          | 1                                     |
| 8.          | "ШетКоммунСервис" МКК                  | 1                                     |
| 9.          | Ы. Алтынсарин атындағы мектеп-гимназия | 1                                     |
| 10.         | М. Горький атындағы мектеп- гимназия   | 1                                     |
|             | Барлығы:                               | 11                                    |